



Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі

**NEET САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТАРЫУ
ЖӘНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ:
АНЫҚТАМАСЫ, ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ, ЖҰМЫС АЛГОРИТМДЕРІ**

**МЕТОДИЧЕСКОЕ РУКОВОДСТВО ПО ОРГАНИЗАЦИИ
РАБОТЫ С МОЛОДЕЖЮ КАТЕГОРИИ NEET:
ОПРЕДЕЛЕНИЕ, МЕТОДИКА РАСЧЕТА, АЛГОРИТМЫ РАБОТЫ**

Нұр-Сұлтан, 2021



Jastar

ФЫЛЫМЫ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҚЫ

Казақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі

**NEET санатындағы жастармен жұмысты үйімдастыру жөніндегі
әдістемелік нұсқаулық:
анықтамасы, есептеу әдістемесі,
жұмыс алгоритмдері**

NEET санатындағы жастармен жұмысты үйімдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық: анықтамасы, есептеу әдістемесі, жұмыс алгоритмдері / А.К. Сакошев, С.Ж. Ахантаева, Е.А. Руднева, Э.С. Паули, Н.О. Наурызбаев – Нұр-Сұлтан, 2021.

NEET санатындағы жастармен жұмысты үйімдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықты «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы әзірледі.

Әдістемелік материалда NEET санатындағы жастар туралы өзекті деректер және Қазақстан Республикасындағы ахуалдың кешенді талдауы, сондай-ақ NEET санатындағы жастармен жұмыс бойынша ұсынымдар мен алгоритмдер берілген, халықаралық тәжірибе мен өнірлік ерекшелікті ескере отырып, есептеу жүргізілген.

ISBN 978-601-7857-56-1

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2021

Қысқартулар:

| | |
|---------------------|---|
| НЕЕТ | ағыл. Not in Education, Employment or Training |
| АЖ | Ақпараттық жүйе |
| БАҚ | Бұқаралық ақпарат құралдары |
| «Жастар» F30 | «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы |
| ЖОО | Жоғары оку орны |
| Еуростат | Еуропалық Одақтық статистикалық агенттікі |
| ҚРААДМ ЖОІК | Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті |
| СҚО | Солтүстік Қазақстан облысы |
| ҰБТ | Ұлттық бірынғай тестілеу |
| ҰСБ | Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы |
| ХЕҰ | Халықаралық енбек үйімі |

Мазмұны

| | |
|---|-----------|
| Kіріспе | 5 |
| I. NEET санатындағы жастар: хал-жағдайы, себептері | 8 |
| NEET әлеуметтанулық портреті..... | 11 |
| NEET негізгі кіші топтары | 14 |
| II. NEET санатындағы жастарды есептей және анықтау алгоритмдері | 18 |
| NEET жастарын анықтаудың жаңа әдістемесі | 20 |
| III. NEET санатындағы жастармен жұмыстың халықаралық тәжірибесі | 24 |
| IV. NEET санатындағы жастармен жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар мен алгоритмдер | 39 |

КІРІСНЕ



Kіріспе

Цифрлық экономиканың дамуы және өндірістік үдерістің технологияландырылуы қазіргі еңбек нарығын айтарлықтай өзгертті. Экономикалық дамудың осы бір жаңа жағдайларында ең осал әлеуметтік топ болып саналатын жастарға, жастар санатына қатысты NEET (ағыл. Not in Education, Employment or Training) ұфымы пайда болды.

NEET буыны – бұл экономикалық, әлеуметтік немесе саяси сипаттағы әртүрлі факторларға байланысты жұмыс істемейтін және еш жерде оқымаған жастардың топтастығы. Қазақстанда соңғы жылдары NEET санатындағы жастарды қолдау мәселелеріне мемлекет тараапынан ерекше көніл бөлінүде. Президент К.К. Тоқаев өзінің 2021 жылғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Бүгінгі таңда NEET санатындағы 237 мың жас адам қолдау шараларымен қамтылмаған» деп атап өтті.

Бүгінгі таңда елімізде NEET санатындағы жастармен іске асырылып жатқан жүйелі шаралар кешені осы санаттың басым бөлігін мемлекет пен үкіметтік емес сектор тараапынан қолдаумен қамтуға мүмкіндік береді. NEET санатындағы жастармен орталықтандырылған жұмысты «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының (бұдан әрі – «Жастар» F30) қомегімен Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті (бұдан әрі – КР АҚДМ ЖОІК) жүзеге асырады. Жыл сайын «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы осы жастар тобының әлеуметтік көзқарастарын зерделеу және анықтау үшін әлеуметтанулық зерттеулер жүргізеді. Жергілікті деңгейде мемлекеттік жастар саясатының осы бағыты өңірдегі ішкі саясат, қоғамдық даму, жастар саясатының мәселелері жөніндегі басқармалардың және жастар ресурстық орталықтарының құзыретіне жатады.

2021 жылы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі NEET санатындағы жастармен жұмысты жандандырып, күшайте бастады. Осы мақсатта 2021 жылдың сәуір айында КР АҚДМ ЖОІК «Жастар» F30 және «Nur Otan» партиясымен бірлесіп, **NEET жастармен жұмысқа әдіstemelіk қолдау көрсету үшін Нұр-Султан қаласында республикалық жобалық** кеңсе құрды. Жобалық кеңсе қызметтің шеңберінде осы санаттағы жастардың үлесін азайту үшін жаңа заңнамалық бастамалар мен ведомствоаралық тәсілдемелерді әзірлеу және оларды NEET санатындағы жастармен жұмыстың барлық деңгейіне енгізу жоспарлануда. NEET буынының мәселелері – бұл жастар арасында адами капиталды дамыту мен сақтаудың жаһандық мәселесі.

NEET санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі әдіstemelіk нұсқаулық NEET санатындағы жастардың әлеуметтік жағдайы мен әл-ауқаты және жастар саясатын іске асыру мәселелеріне қызығушылық танытқандардың барлығы, яғни мемлекеттік органдар, азаматтық үйымдар, жастар саясаты институттары, оку орындары, жастардың үкіметтік емес үйымдары, сарапшылар қауымдастыры, БАҚ өкілдері үшін дайындалған болатын.

I.

**NEET
САНАТЫНДАҒЫ
ЖАСТАР:
ХАЛ-ЖАҒДАЙЫ,
СЕБЕПТЕРИ**




I. NEET санатындағы жастар: хал-жағдайы, себептері

Озық технологиялардың қарқынды дамуы нәтижесінде жұмыспен қамту нарығының құрылымы айтарлықтай өзгерді. Жастар осы жаңа жағдайларда ең осал топ болып табылады. Бұгінгі таңда мемлекеттің тараپынан көрсетілетін қолдау білім алуға қол жеткізуі қамтамасыз етумен ғана шектелмеуі тиіс. Мемлекеттік және үкіметтік емес институттар жастарды цифирлік сауаттылықта үйретіп, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытып, жаңа технологиялар мен зерттеулерге инвестициялар салуы тиіс.

Осы тұрғыдан мемлекеттік жастар саясатының тиімділігін өлшеудің салыстырмалы жаңа индикаторы болып табылатын NEET көрсеткіші, жастар жұмыссыздығының деңгейімен салыстырғанда, жастар еңбек нарығының қазіргі әлеуетінің ең дұрыс өлшемі болып саналады. Оған жастардың жұмыс күшіне және білім беру саласына тартылмаған бөлігі кіреді, сондықтан оларды жұмыссыздар ретінде қарастыруға болмайды.

NEET санатындағы жастар үғымы (Not in education, employment or training, «білім алмайтындар, жұмыс істемейтіндер және біліктілігін арттырмайтындар) қоғамдық дискурста жақында пайда болды: ол алғаш рет Ұлыбританияда 1999 жылы Әлеуметтік оқшаулану мәселелері жөніндегі комиссияның «Алашақтықты жою: білім, жұмысы немесе кәсіби дайындығы жоқ 16-18 жас аралығындағы балаларға арналған жаңа мүмкіндіктер» баяндамасында қолданылды. Бірте-бірте ол басқа мемлекеттерге таралып кетті.

**NEET санатындағы жастар
әлемдік көрсеткіш¹**



¹ «Жастағы әлеуметтік кәсіпкерлік және 2030 жылға дейінгі күн төртібі» жастағ мәселелері жөніндегі дүниежүзілік баяндама

Әлемдік рейтингте Қазақстан NEET жастары үлесі жөнінен көрсеткіші ең төмен (1-9,9%) елдер санатына кіреді. 2010 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде елдегі NEET үлесінің көрсеткіші 8,2%-дан 7,1%-ға дейін (1,1%-ға) азайды. Ал статистика деректері бойынша, 2021 жылдың 2-тоқсанында NEET жастарының үлесі 6,7%-ды құрады.

Қазақстан Республикасындағы 20 жылдағы² NEET санатындағы жастардың үлесі (15-28 жас) (%)

| Қазақстан Республикасы | 2001 | 2002 | 2003 | 2004 | 2005 | 2006 | 2007 | 2008 | 2009 |
|------------------------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|
| | 18.6 | 14.9 | 13.5 | 13.2 | 12.8 | 12.5 | 10.7 | 9.7 | 9.5 |
| Нұр-Султан қ. | 10.6 | 11.7 | 10.3 | 8.7 | 8.3 | 10.5 | 12.7 | 10.4 | 9.5 |
| Алматы қ. | 16.3 | 13.7 | 13.1 | 14.7 | 14.9 | 13.7 | 12.0 | 6.8 | 6.8 |
| Шымкент қ. | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Ақмола облысы | 17.6 | 15.2 | 12.0 | 14.6 | 15.4 | 11.1 | 8.6 | 10.7 | 10.3 |
| Ақтөбе облысы | 15.2 | 11.3 | 12.2 | 10.8 | 9.1 | 9.6 | 6.2 | 6.2 | 4.6 |
| Алматы облысы | 22.2 | 15.1 | 13.5 | 11.3 | 13.2 | 12.7 | 9.3 | 10.2 | 10.5 |
| Атырау облысы | 20.5 | 16.9 | 19.8 | 18.9 | 13.4 | 15.2 | 11.7 | 9.6 | 10.7 |
| Шығыс Қазақстан | 14.5 | 14.3 | 14.7 | 12.5 | 14.4 | 13.7 | 13.0 | 11.6 | 12.5 |
| Жамбыл облысы | 18.1 | 19.4 | 15.3 | 18.0 | 20.8 | 18.7 | 10.8 | 9.7 | 10.7 |
| Батыс Қазақстан | 22.5 | 15.7 | 14.2 | 15.1 | 15.7 | 15.2 | 13.2 | 12.6 | 11.3 |
| Карағанды облысы | 19.9 | 15.8 | 12.7 | 12.6 | 11.5 | 10.8 | 11.4 | 10.2 | 11.3 |
| Қостанай облысы | 17.6 | 15.7 | 15.0 | 12.5 | 9.5 | 13.1 | 9.6 | 13.3 | 7.8 |
| Қызылорда облысы | 31.8 | 24.3 | 21.5 | 22.6 | 14.6 | 13.9 | 13.2 | 8.1 | 8.0 |
| Манғыстау облысы | 15.5 | 14.4 | 14.9 | 14.3 | 14.2 | 13.1 | 12.5 | 12.1 | 13.4 |
| Павлодар облысы | 14.2 | 13.8 | 13.3 | 12.2 | 10.0 | 9.9 | 8.0 | 7.0 | 7.9 |
| Солтүстік Қазақстан | 16.6 | 16.3 | 14.0 | 11.8 | 11.4 | 11.0 | - | 10.4 | 9.3 |
| Түркістан облысы | - | - | - | - | - | - | 9.4 | - | - |
| Оңтүстік Қазақстан | 19.5 | 11.0 | 9.8 | 10.6 | 10.2 | 10.4 | 10.6 | 9.0 | 8.9 |

| Қазақстан Республикасы | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | II тоқсан, 2021 |
|------------------------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|-----------------|
| | 8.2 | 7.8 | 8.0 | 8.0 | 8.8 | 9.5 | 9.2 | 8.7 | 7.9 | 7.4 | 7.1 | 6.7 |
| Нұр-Султан қ. | 11.9 | 11.6 | 14.7 | 17.0 | 7.9 | 6.8 | 6.6 | 9.2 | 7.1 | 6.8 | 7.0 | 6.9 |
| Алматы қ. | 5.8 | 4.5 | 4.5 | 6.9 | 7.6 | 8.6 | 7.7 | 6.6 | 6.3 | 6.1 | 6.1 | 5.7 |
| Шымкент қ. | - | - | - | - | - | - | - | - | 9.1 | 8.7 | 7.7 | 7.3 |
| Ақмола облысы | 7.5 | 6.8 | 6.4 | 6.8 | 4.9 | 8.1 | 7.3 | 7.1 | 5.9 | 6.2 | 7.5 | 8.9 |
| Ақтөбе облысы | 3.2 | 3.4 | 3.0 | 4.2 | 8.1 | 9.0 | 7.3 | 7.8 | 8.5 | 8.1 | 8.4 | 7.5 |
| Алматы облысы | 8.2 | 9.1 | 9.3 | 9.7 | 9.7 | 9.2 | 9.4 | 7.5 | 7.0 | 7.2 | 7.2 | 7.0 |
| Атырау облысы | 9.5 | 6.4 | 6.5 | 5.7 | 7.0 | 8.0 | 8.0 | 8.9 | 6.8 | 5.2 | 5.5 | 5.5 |
| Шығыс Қазақстан | 10.0 | 9.8 | 7.4 | 8.4 | 7.8 | 9.4 | 7.6 | 8.6 | 5.7 | 5.6 | 6.6 | 5.8 |
| Жамбыл облысы | 7.3 | 8.8 | 10.4 | 8.6 | 11.8 | 15.2 | 14.9 | 10.7 | 8.0 | 7.6 | 7.1 | 7.4 |
| Батыс Қазақстан | 9.7 | 7.4 | 5.8 | 4.5 | 4.1 | 5.1 | 3.1 | 2.8 | 2.9 | 2.8 | 3.1 | 3.8 |
| Карағанды облысы | 10.2 | 8.8 | 9.3 | 6.8 | 12.8 | 14.1 | 13.0 | 12.4 | 12.5 | 12.3 | 11.5 | 9.1 |

² Үлттыхық статистика бюросының дефекттері

Қазақстан Республикасындағы 20 жылдағы NEET санатындағы жастардың үлесі (15-28 жас) (%)

| Қазақстан Республикасы | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | II тоқсан 2021 |
|------------------------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|------|----------------|
| | 8.2 | 7.8 | 8.0 | 8.0 | 8.8 | 9.5 | 6.7 | 9.2 | 8.7 | 7.9 | 7.4 | 7.1 |
| Костанай облысы | 8.1 | 7.4 | 6.4 | 5.0 | 5.3 | 7.5 | 5.0 | 4.9 | 4.9 | 4.7 | 5.5 | 4.9 |
| Қызылорда облысы | 9.4 | 7.8 | 10.3 | 10.9 | 14.6 | 10.9 | 13.2 | 10.6 | 8.2 | 8.2 | 8.3 | 8.1 |
| Маныстау облысы | 13.3 | 12.6 | 16.6 | 13.0 | 16.5 | 12.0 | 15.9 | 11.5 | 7.1 | 8.0 | 7.8 | 7.5 |
| Павлодар облысы | 6.1 | 6.6 | 6.1 | 6.1 | 5.1 | 7.1 | 8.6 | 5.9 | 5.3 | 4.9 | 4.9 | 4.9 |
| Солтүстік Қазақстан | 7.2 | 8.2 | 9.1 | 9.9 | 8.1 | 7.6 | 8.3 | 8.3 | 9.5 | 7.1 | 6.8 | 4.8 |
| Түркістан облысы | - | - | - | - | - | - | - | - | 13.3 | 10.7 | 8.0 | 7.5 |
| Оңтүстік Қазақстан | 7.8 | 7.4 | 7.2 | 6.6 | 8.0 | 9.7 | 9.6 | 10.8 | - | - | - | - |

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Үлттүк статистика бюросының деректері бойынша, 2021 жылдың басында халық саны 18 879 552 болған кезде, жастар саны 3 739 883 (20%) құрады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша, 15-28 жас аралығындағы жастардың экономикалық белсенді бөлігі (**жұмыс күші**) 2 099,8 мың адамды құраган (2019 жылы – 2 124,9 мың), оның ішінде 2 019,4 мың адам жұмыспен қамтылған (2019 жылы – 2 045,9 мың). 2021 жылдың 2-тоқсанында жастардың экономикалық белсенді бөлігі 2 072,9 мың адамды құрады (2020 жылдың 2-тоқсанында – 2 098,3 мың), оның ішінде 1 995,4 мың адам (2020 жылдың 2-тоқсанында – 2 034,5 мың) жұмыспен қамтылған.

2021 жылғы 2-тоқсаның қорытындысы бойынша **жұмыссыз жастар** саны 77,5 мың адамды құрады (2020 жылдың 2-тоқсанында – 84 мың). Ең жоғары көрсеткіштерге тоқталсақ, Алматы қаласында – 13,2 мың, Алматы облысында – 9,9 мың, Нұр-Султан қаласында – 7,3 мың адам. Төмен көрсеткіштерді атап өтсек, Атырау облысында 1,7 мың, СҚО – 1,5 мың адам, Павлодар облысында – 2 мың адам.

NEET жастарының үлесі 2020 жылдың қорытындысы бойынша 7,1% құрады (2019 жылы – 7,4%), яғни 0,3%-ға азайған. 2021 жылдың 2-тоқсаның қорытындысы бойынша NEET үлесі 6,7%, 2020 жылдың осы кезеңінде 7,6% құрады. NEET жастары үлесінің неғұрлым жоғары көрсеткіштері Қарағанды (9,1%), Ақмола (8,9%) және Қызылорда (8,1%) облыстарында байқалады. Қарағанды облысы 2017 жылдан бастап осы бағыттағы көріністердің түрлерін атап өту қажет.

15-28 жас аралығындағы NEET жастарының өнірлік үлесі, %

| № | Өнірдің атауы Қазақстан Республикасы | 2-тоқсан 2019 ж | 2-тоқсан 2020 ж | 2-тоқсан 2021 ж |
|-----|---|-----------------|-----------------|-----------------|
| | | 7,2 | 7,6 | 6,7 |
| 1. | Ақмола облысы | 5,6 | 8,3 | 8,9 |
| 2. | Ақтөбе облысы | 7,3 | 7,5 | 7,5 |
| 3. | Алматы облысы | 6,4 | 9,6 | 7,0 |
| 4. | Атырау облысы | 3,5 | 5,7 | 5,5 |
| 5. | Батыс Қазақстан | 3,0 | 3,6 | 3,8 |
| 6. | Жамбыл облысы | 7,7 | 7,5 | 7,4 |
| 7. | Карағанды облысы | 12,7 | 12,1 | 9,1 |
| 8. | Қостанай облысы | 4,7 | 5,9 | 4,9 |
| 9. | Қызылорда облысы | 8,3 | 8,4 | 8,1 |
| 10. | Манғыстау облысы | 7,3 | 8,3 | 7,5 |
| 11. | Павлодар облысы | 5,5 | 4,9 | 4,9 |
| 12. | Солтүстік Қазақстан | 9,2 | 6,1 | 4,8 |
| 13. | Түркістан облысы | 10,7 | 6,7 | 7,5 |
| 14. | Шығыс Қазақстан | 4,5 | 8,6 | 5,8 |
| 15. | Нұр-Сұлтан қ. | 6,8 | 7,0 | 6,9 |
| 16. | Алматы қ. | 6,4 | 6,3 | 5,7 |
| 17. | Шымкент қ. | 8,5 | 8,4 | 7,3 |

NEET санатындағы қазақстандық жастарды топқа жатқызу үзактығына қарай шартты түрде:

- ұзақ мерзімді жұмыссыздар (бірнеше жыл бойы жұмыс істемейтін және оқымаітыйн) және қысқа мерзімді жұмыссыздар топтарына бөлуге болады.
- отбасылық міндеттерін орындаға байланысты экономикалық белсенділігін жоғалтқан жастар ұзақ уақыт жұмыссыз жүргендердің басым бөлігін құрайды.
- қысқа мерзімді жұмыссыздар (бул топқа кіргендеріне бір жыл толмағандар).

2021 жылы «Жастар» F3O жүргізген «Қазақстандағы NEET жастарының әлеуметтік үстанымдары» зерттеуінің нәтижелері NEET санатындағы жастардың тұрақты жұмысқа орналаспауының 2 негізгі себебі бар екенін көрсетті: **жалақының төмендігі және еңбек нарығында бос орындардың болмауы.**

Жастардың тұрақты жұмысқа орналаспауының бастапқы 5 себебі:

1. Жалақының төмен болуы (36,7%);
2. Жұмыс орындарының болмауы (31,6%);
3. Сәбійінің/балаларының болуы (12,2%);
4. Кездейсоқ табыс көздерінің болуы (11,7%);
5. Білімнің және білім алу мүмкіндігінің болмауы (11,4%).



NEET санатындағы жастардың жиі толғандыратын 5 мәселе:

1. Азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар бағасының жоғары болуы (58,5%);
2. Табыстың төмен деңгейі (45,3%);
3. Жұмыссыздық және жұмысқа тұрудағы қындықтар (43,6%);
4. Жоғары білім құнының қымбаттауы (30,2%);
5. Жеке баспанасының болмауы (17,4%).

NEET әлеуметтанулық портреті

«Жастар» F30 әлеуметтанулық зерттеулерінің қорытындылары бойынша **NEET санатындағы жастардың әлеуметтанулық портреті** жасалып, осы санаттағы жастардың келесі сипаттамалары атап өтілді:

Әлеуметтеннену. Назардағы маңызды көрсеткіштердің бірі – жас адамдардың отбасындағы және мектеп үжымдарындағы әлеуметтеннену жағдайлары. NEET жастарының көпшілігі үйренешікті қайта әлеуметтеннену сатыларынан өтеді: мектепте оқиды; содан кейін біреулері 9-сыныптан кейін колледждерге, басқалары 11-сыныпты бітіріп, университеттерге түседі. 9-сыныптан кейін мектептен кетудің себептерінің бірі, ең алдымен, ҰБТ-ны жақсы тапсыра алмай қалудан қорқу болып табылады. Сондай-ақ себептердің бірі ретінде респонденттер 11-сыныптан кейін ЖОО-да оку құнының қымбат (колледждегі оку бағасымен салыстырғанда) екенін алға тартады.

«Мен жоғары оку орнына тұсу қажет емес деп ойладым, өйткені бәрібір қаржылай мүмкіндігім де жоқ еді. Түскеннің өзінде ата-анам ақша іздел әуре-сарсаңға түсер еді, олардың қиналғанын қаламадым, тіпті окуға өзімнің де ынтам болмады».

Терен сұхбатқа қатысушы, 2021 ж.

Компаративтік түрғыдан орта арнаулы және жоғары білімі бар өкілдердің саны басым.

«Мен 9-сыныптан кейін кетуді үйіардым. Бұл менің өзімнің шешімім болды. Колледжге заң факультетіне тұсу үшін кеттім. Бұл мамандық мені қатты қызықтыруды, диплом алғым келеді».

Фокус-топтық пікірталасқа қатысушы, 2020 ж.

Сұрақтарға жауап бергендердің 2,1%-ы 9-сыныпты аяқтамаған, яғни мектептен нашар улгерімі немесе тәртіпсіз мінез-құлқы үшін шығарылған. Біраз бөлігі (47,7%) одан әрі окуя жоспар құрмадаған. Бұл топқа негізінен жоғары білімі немесе кәсіптік-техникалық, орта арнаулы білімі бар жастар енгізілді.

NEET санатындағы жастардың эмоциялық интеллектісін жоғары деп бағалауға болады. Айтар болсақ, респонденттердің тек 5,6%-ында ғана мұғалімдермен, сыныптастармен арада тұрақты негізде түсініспеушіліктер болған. Көпшілігі (56,5%) құрдастарымен және педагогтармен өте жағымды қарым-қатынастар орната алған. Сауалнамаға қатысқан жастардың арасында оку мекемесінен тыс өзге орындарға баратындар өте аз екенін атап өткен жөн. Үйірмелер мен секцияларға жүйелі баратындар қатысушылардың 28,9%-ын ғана құрады.

Жастардың мамандық таңдау үдерісін саналы сипатқа ие деуге болады. Респонденттер мамандық таңдауда үш негізгі факторға назар аударады: жоғары жалақы, мамандыққа деген сұраныстың болуы, оның адамның таланттары мен қабілеттеріне сәйкес келуі.

«Жалақы жоғары болғанын, мансаптық өсу мүмкіндігім болғанын, мамандық бойынша жұмыс істегенді қалаймын және үйге жақын болса, тіпті жақсы».

Терен сұхбатқа қатысушы, 2021 ж.

«Жалақы үлкен рөл атқарады. Жалақы жақсы болуы тиіс, содан кейін жұмыс орнын алыс болмағаны жөн. Менің әкем зейнеткер болғандықтан, демалыс күндері оған көмектесуім керек. Жұмыс бабымен жоғарылауды да қалаймын. Бірінші жұмысымда ондай мүмкіндігім болмады, енді алдағы уақытта мансаптық түрғыдан өсуді қөздеймін».

Терен сұхбатқа қатысушы, 2021 ж.

Сонымен қатар болашақ мамандықты таңдаған кезде жастар ата-аналары мен мұғалімдерінің пікіріне де құлақ асады.

«Анам маған әрдайым менің дәрігер болатынымды айта берді, сөйтіп 11-ші сыныпқа дейін мені осы мамандыққа бейімдеді. Мен өзім де қарсы бола қоймадым».

Фокус-топтық пікірталасқа қатысушы, 2020 ж.

«Иә, мен ағылышын тілінің мұғалімі атандым. Қазіргі таңда мұғалімдерге көп жағдай жасалуда. Сондықтан мен біздің заманымызда мұғалім болған дұрыс деп санаймын. Беделді кәсіп деп есептеймін».

Терен сұхбатқа қатысушы, 2021 ж.

Іздеу және жұмыс тәжірибесі. NEET жастар өкілдерінің басым бөлігі оқи жүріп, табыс тапқан. Саялнама кезінде жауап бергендердің 47,6%-ы жұмыс іздеу жүргенін айтты. Жұмыс іздеу 19-28 жас аралығындағы ересек жастарды көбірек алаңдатады.

«Мен жұмыссыз қалғаннан кейін бірден Жұмыспен қамту орталығына барып, түйіндеңемді қалдырыдым, Петропавл қаласында өткен екі бос жұмыс орындары жәрменкесіне қатыстым. Әзірге ешкім қоңырау шалмады, бірақ іздеуді жалғастырамын. Ауданда қалғым келмейді, жұмысты қаладан, әсіресе Петропавлдан тапқым келеді».

Терен сұхбатқа қатысушы, 2021 ж.

Жастардың бір бөлігі үшін таныстары, туыстары арқылы жұмыс іздеу ең тиімді әдістердің бірі болып табылады, өйткені бұл олар үшін – жұмысқа орналасудың сенімді және қауіпсіз жолы. Жұмысқа орналасудың сыртқы көздеріне интернетте және газеттерде жарияланған жарнамалар жатады.

NEET жастарының тұрақты жұмыс табуға тырыспауының бір себебі «жалақының төмөндігі» болып табылады. Жұмысқа орналасу мүмкіндігі бола тұра, респонденттер жалақы өздерінің ойларының шықпайтын болса, ондай жұмыстан бас тартуға дайын. Іс жүзінде әрбір үшінші адам жұмыс орындарының жоқтығын алға тартады.

«Өкінішке орай, бұл менің ырқымнан тыс нәрсе, өйткені мен қаламызда жұмыс орындарының көбеюіне ешқандай ықпал етеп алмаймын».

Терен құхбатқа қатысушы, 2021 ж.

Мемлекеттік қолдау шараларына тартылу. Респонденттер арасында мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігіне қатысты бірыңғай пікір жоқ, Дегенмен жауп берушілердің көбі мемлекеттік жастар саясатын тиімді болуы мүмкін деп бағалайды.

Оларға жақсы таныс мемлекеттік бағдарламалар – «*Дипломмен – ауылға*», «*Жастар тәжірибесі*», «*Жасыл ел* бағдарламалары, «*Болашақ* халықаралық стипендиясы». NEET жастарының жұмысқа орналастыру жөніндегі «*Жастар кадрлық резерві*», «*Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы*», «*Zhas Project* жастар корпусын дамыту жобасы» сияқты мемлекеттік бағдарламалар туралы хабардарлышы төмен болып шықты.

«Бұлардың бәрі өте керемет бағдарламалар. Жастар тәжірибесі арқылы алғашқы еңбек тәжірибесін алуға болады. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасымен де таныстым, басқа облысқа барғанда жәрдемақы, баспа на берілетінін және тағы да басқа женілдіктер үсіненлатынын білемін. Бірақ жалақы көтерілуі тиіс. Бұл мәселені шешу бағытында мемлекет жақсы жұмыс істеп жатыр».

Терен құхбатқа қатысушы, 2021 ж.

Сондай-ақ деректер NEET жастарының әлеуметтік қолдау бағдарламаларына қатысада белсененділік танытпайтынын көрсетеді. Жастарға арналған бағдарламалар туралы мәлімет алушың негізгі көздері – Интернет-ресурстар, жаңалықтар немесе тақырыптық сайттар, әлеуметтік желілердегі жаңалықтар, сондай-ақ телевизиялық бағдарламалар, туыстарымен және достарымен қарым-қатынас кезінде алынатын ақпарат.

Жалпы алғанда, жұмыспен қамтылмаған және оқымайтын жастар мемлекеттен жұмысқа орналастыру, жас отбасыларды түрғын үймен қамтамасыз ету және білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мәселелерінде қолдау күтеді.

«Жастар арасындағы жұмыссыздықпен күресін, оның себептерін жою қажет. Жастарды ынталандыру керек немесе оку бітірген түлекті қабылдауға дайын жұмыс берушілер үшін салық женілдіктерін қарастыру керек. Осындаидай іс-шаралар жүргізілсе деймін».

Терен құхбатқа қатысушы, 2021 ж.

NEET негізгі кіші топтары

NEET санатындағы жастар құрылымы бір-бірінен жынысы мен жасына, құндылықтарына, жұмысқа деген көзқарасына, білім деңгейіне және басқа қасиеттеріне байланысты ерекшеленеді. Элеуметтанулық сауланама және сараптамалық сұхбат нәтижелері бойынша NEET санатындағы жастары келесі кіші топтарға бөлінеді:

1. Ең көп таралған топ – оқу орындарын бітіргеніне көп бола қоймаған (1 айдан 1 жылға дейін)



«Биылғы түлектер». Олардың қатарында бозбалалар да, бойжеткендер де бар. Көбінесе оларды өздерінің қазіргі жағдайы алаңдатады, жұмысқа орналасуға тырысады, даму мүмкіндіктерін іздейді және құнделікті отбасылық-тұрмыстық мәселелерін шеше отырып, бар уақытын жұмыс іздеуге, түйінде жолдауға және сұхбаттан өтуге жұмысады. Оларды ата-аналары асырайды және көбінің өз қаражаттары болмайды. Олар NEET жастар санатынан тезірек шығуға тырысады.

2. «Уақытша жұмыссыз».



Екі немесе одан да көп үйімда тәжірибе жинақтаған, бірақ қысқарту, пандемия немесе басқа келеңсіздіктер салдарынан жұмысынан айырылған және жаңа жұмыс ізден жүрген жастар жиі кездеседі. Кей жағдайларда олардың өз жинақтары болуы мүмкін, бірақ көбінесе ата-аналарымен немесе туыстарымен бірге тұрады және қаржы жағынан соларға тәуелді болады. Олар қалыптасқан жағдайға алаңдал, үйімдайды, жұмыссыздықтан шығудың жолын табуға тырысады. Уақытша жұмыссыздардың көбі – қала тұрғындары. Олар NEET жастар санатына қысқа мерзімге қосылады және бұл санаттан тезірек шығуға үмтілады.

3. «Ауыл жігіті».



Көбінесе еш жерде жұмыс істемейтін және оқымайтын, бірақ үй шаруашылығында ата-аналары мен туыстарына көмек көрсетумен белсенді айналысатын жастардың (көбінесе жігіттер) тобы да кездеседі. Олар ата-аналарымен бірге тұрады, үйленген, балалы болулары да мүмкін. Қалыптасқан жағдай отбасының ешбір мүшесін толғандыра қоймайды, өйткені ата-аналарға үй шаруашылығында көмекші қажет, сонымен қатар ауылдық жерлерде жұмыспен қамтудың басқа баламалары жоқ. NEET жастар санатында ұзак үақыт болуы мүмкін. Көбінесе олар жағдайды өзгертуге мүдделі емес.



4. «Жас аналар». Бұл топтағылар екі кіші топқа бөлінеді. Жоғары білімі бар және баласын



балабақшага орналастырғаннан кейін бірден жұмысқа шығуға ынталы қыздар бірінші топқа жатады. Олар көбінесе күйеулерінің немесе ата-аналарының табысына тәуелді. Баласын мектепке дейінгі мекемеге орналастыру мәселесін шешкеннен кейін еш қындықсыз NEET санатынан шыға алады.

Екінші кіші топ – ешқашан мамандығы бойынша жұмыс істемеген, тіпті білімі де жок, үй шаруашылығымен айналысадын және отбасы мүшелеріне қамқорлық жасайтын қыздар. Көбінесе екінші кіші топтағы бойжеткендер жағдайды өзгертуге құштар емес. Отбасының барлық мүшелері ақша жетіспеушілігіне және үнемдеуге мәжбүр болғанына қарамастан, тұрмыс-тіршіліктеріне қанағат етеді. Кейбір жағдайларда жұбайлары келіншектерінің жұмысқа шығуына рұқсат етпейді. NEET жастар санатында ұзақ уақытқа қалуары мүмкін. Көбінесе олар жағдайды өзгертуге мүдделі емес.

5. «Ауылдың жігіттері» немесе «Жас аналар» санатына орта мектепті бітірген соң қандай да бір



себептермен колledgege немесе жоғары оқу орнына түсе алмаған **«Мектеп түлектері»** біртіндеп қосыла беретінін айта кеткен жөн. Білімі мен қызыреттері болмағасын, колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектеріне қарағанда, жұмысқа орналасуда немесе алеуметтенуде көптеген қындықтарға тап болады. Оларды асырап отырған ата-аналары әдетте балаларының жұмысқа орналаса алмауына түсіністікпен қарайды. «Мектеп түлектері» NEET жастар санатынан колледжге немесе университетке түсу арқылы шығуға тырысады, бірақ бұл мақсатқа жетудің нақты жоспарын құрмайды. Отбасының өмірді бастаған жағдайда немесе ата-аналарының қамқорлығына сүйенү менүй шаруашылығына (көбінесе ауылдық жерлерде) көмектесуді жалғастыру арқылы NEET санатында ұзақ уақыт қалып қояу мүмкін.

NEET жастар топтарының жоғарыда аталаған сипаттамалары осы санаттан шығуға барлығы бірдей үмтүлмайтынын көрсетеді. Кейбіреулерін бұл жағдай толғандырмайтыны соншалық, үй шаруашылығына жәрдем беру, туыстарына қолғабыс жасау және отбасы мүшелеріне күтім көрсетуді жұмыс деп санайды. Бұл кейбір дәстүрлерге, халықтың менталитетіне байланысты жағдай және статистиканың қатысы жоқ. Мысалы, кейбір дәстүрлерге сәйкес, отбасындағы кіші ұлдар ата-аналарымен бірге тұрады, үй шаруашылығына көмектеседі (көбінесе ауылдық жерлерде) және жұмысқа тұруға мүдделі емес. Сондай-ақ қоғамның бір бөлігі «Қызыдар тұрмысқа шығып, дүниеге бала әкелгеннен кейін тек отбасына көніл бөліп, тұрмыспен ғана айналысусы тиіс» деген пікірді ұстанады, ал отбасында ерлі-зайыптылардың біреуі ғана жұмыс істесе, бұл жағдай қалыпты болып саналады. Сондықтан мемлекеттік органдар кейбір жастардың 29 жасқа толып, жастар санатынан шыққаннан кейін де осы топта қала беретінін ескеруге міндетті.

II.

**NEET
САНАТЫНДАҒЫ
ЖАСТАРДЫ
ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ
АНЫҚТАУ
АЛГОРИТМДЕРІ**



II. NEET санатындағы жастарды есептеу және анықтау алгоритмдері

ХЕҮ есептеу әдістемесі

Барлық елдерде NEET санатындағы жастар үлесін есептеуде Халықаралық еңбек үйымының (бұдан әрі – ХЕҮ) «Лайыкты еңбек индикаторлары. Тұжырымдамалар мен анықтамалар» әдіснамасы қолданылады, оған сәйкес NEET жастардың жалпы санындағы жұмыс істемейтін (жұмыссыз немесе жұмыспен қамтылмаған) және оқынайтын жастардың үлесі ретінде пайызбен анықталады.

ХЕҮ формуласы

Осы үлесті есептеу үшін ХЕҮ үй шаруашылықтарына іріктемелі зерттеу жүргізуі және/немесе халық санағы нәтижелерін пайдалануды ұсынады.

$$\text{NEET коэффициенті (\%)} = (\text{Жастар} - \text{Жұмыс істейтін жастар} - \text{Жұмыс істемейтін, бірақ білім алып жатқан жастар}) / \text{Жастар} * 100.$$

Айта кететін жайт, жастардың жалпы санынан шегерген кезде білім алатын және жұмыс істейтін жастардың саны екі рет есептелмей керек.

Бұл жағдайда формула келесідей болуы мүмкін:

$$\text{NEET коэффициенті (\%)} = (\text{Жұмыссыз жастар} + \text{Жұмыс қүшіне тартылмаған жастар}) - (\text{Білім беру немесе оқыту саласындағы жұмыссыз жастар} + \text{Білім беру немесе оқыту саласындағы жұмыс қүшіне тартылмаған жастар}) / \text{Жастар} * 100.$$

Жастар жұмыссыздығының себептерін неғұрлым егжей-төгжейлі зерделеу және осы маселені шешу шараларын әзірлеу үшін жынысы, жасы, географиялық тұрғылықты жері (қала/ауыл), білім деңгейі және басқа да маңызды сипаттамалары бойынша NEET санатындағы жастардың үлесі туралы деректерді жариялаған жөн. Экономикалық белсенділігі төмен жастар туралы да дәл осындай деректерді жариялау керек. Бұл осы санаттағы жастардың жұмыс қүшіне тартылмаған себептерін, мысалы, деңсаулық ақаулары, көлігінің болмауы, үй міндеттерінің жүктелуі және т.б. себептерін білуге мүмкіндік береді.

NEET туралы Еуростат есептемелері

2010 жылы Еуростат (Еуропалық Одақтың статистикалық агенттігі) NEET үйымының жалпыға ортақ анықтамасын және оның деңгейін есептеудің статистикалық әдістемесін қабылдады. **NEET тобына 15-24 жас аралығындағы, жұмыссыз немесе экономикалық белсенді емес, сонымен бірге оқынайтын және зерттеуден 4 апта бүрін емтихан алдындағы даярлықпен/ кәсіби даярлықпен/қайта даярлаумен қамтылмаған жастар жатады.**

NEET деңгейі 15-24 жас аралығындағы жастардың жалпы санындағы жоғарыда аталған топтың үлесімен есептеледі. Негұрлым егжей-төгжейлі талдау үшін Еуростат бұл көрсеткішті жынысына, жасына (15-19 жас, 20-24 жас, 18-24 жас, сондай-ақ 25-29, 15-29 жас) және білім беру топтарына, сондай-ақ енбек нарығындағы мәртебесіне қарай бөлінген топтар (NEET-жұмыссыздық және NEET-экономикалық әрекетсіздік) бойынша есептеуді ұсынады.

NEET деңгейін анықтау үшін үлттық жұмыс қүшін зерттеу деректері қолданылады. NEET-жұмыссыздық және NEET-экономикалық әрекетсіздік көрсеткіштері ХЕҰ әдіснамасы бойынша жұмыссыздық деңгейі мен экономикалық әрекетсіздік деңгейін өлшеу үшін қолданылатын көрсеткіштерден өзге. **NEET-жұмыссыздық деңгейі – бұл 15-24 жас аралығындағы жұмыссыздар санының экономикалық белсенді халық санына емес, осы жастағы барлық халық санына қатынасы (ХЕҰ бойынша жұмыссыздық деңгейін анықтау тәсіліне үкcas).**

NEET-экономикалық әрекетсіздікті есептеу кезінде экономикалық белсенді емес халық есепке толық алынбайды (дәстүрлі көрсеткішті анықтау кезіндегідей), тек оқыту мен қайта даярлауға қатыспайтындар ғана есепке алынады. Сондай-ақ, жұмыс қүшіне тартылмау себептеріне байланысты экономикалық белсенді емес топқа келесі жастар жатқызылады: үй шаруашылығымен, бала күтімімен айналысатындар және отбасының басқа мүшелеріне қамқорлық жасайтындар; денсаулығи нашар жастар; жұмыс табудан үмітін үзгендер, яғни жұмысқа құлышынысы болғанымен, оны іздеуді тоқтатқандар; жұмысты қажет етпейтіндер (табысы қандай болғанына қарамастан).

Қазақстандық есептеу тәжірибелі

Қазақстандағы «NEET жастарының үлесі» көрсеткішін қалыптастырудың әдіснамалық негізіне ХЕҰ құжаты алынады. **«NEET жастарының үлесі» көрсеткішін есептеу Үлттық статистика бюросы келтірген формулаға сәйкес жүргізіледі.**

$$NEET = \frac{(UE + NEA) - NEA [edu]}{EA + NEA} * 100$$

UE – 15-28 жас аралығындағы жұмыссыздар саны;

NEA – 15-28 жас аралығындағы жұмыс қүшіне тартылмаған адам саны;

NEA[edu] – 15-28 жас аралығындағы білім алып (күндізгі оқу түрі) жүргендіктен, жұмыс қүшіне тартылмаған адам саны;

EA – 15-28 жас аралығындағы жұмыс қүшінің саны.

Деректер көзі ҰСБ жүргізетін жұмыспен қамту жөніндегі іріктемелі зерттеу болып саналады.

ҰСБ елдегі және өнірлердегі NEET жастарының үлесі туралы тоқсандық және жылдық деректерді тұрақты жариялада отырады. Сондай-ақ жастар жұмыссыздығы мәселелерін егжей-төгжейлі зерттеу үшін ҰСБ гендерлік белгілері, жас топтары, аймақтары, жергілікті жері және білім деңгейін көрсете отырып, жұмыс қүші, жұмыспен қамтылғандар, жалдамалы жұмысшылар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жұмыссыздар, 14-28 жас аралығындағы экономикалық белсенді емес халық туралы мәліметтер жариялады.



Санаттардың сипаттамасы

1) **Жұмыссыз жастар** – зерттеу жүргізілген кезеңде бір уақытта келесі үш негізгі өлшемге сәйкес келген адамдар:

- а) жұмыссыз жүрген (табыс әкелетін ісі жок);
- б) оны іздеумен белсенді айналысады;
- в) белгілі бір уақыт аралығында жұмысқа кірісуге дайын адамдар.

Окушылар, студенттер, зейнеткерлер мен мүгедектер де жұмыс іздеумен айналысып жүрген болса және оған кірісуге дайын болса, жұмыссыздар есебіне қосылады.

2) **15-28 жас аралығындағы жұмыс күшіне тартылмаған адамдар** – зерттеу жүргізілген кезең ішінде жұмыспен қамтылмаған немесе жұмыссыз болып саналмайтындар (мектеп окушылары, студенттер, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, мүгедек адамдар және жұмыс ізdemейтін өзге де адамдар);

3) **15-28 жастағы білім алып (күндізгі оқу түрі) жүргендіктен жұмыс күшіне тартылмағандар** – күндізгі оқу орнында оқытындықтан, зерттеу кезеңінде жұмыспен қамтылмаған немесе жұмыссыз болып саналмайтын адамдар (мектеп окушылары, студенттер);

4) 15-28 жастағы жұмыс күші – экономикалық қызметтің барлық түрімен айналысадын адамдар және жұмыссыздар.

Айта кететін жайт, **жұмыс күшінің және жұмыс күшіне тартылмаған адамдардың санын қосқанда** белгілі бір жастағы халықтың жалпы саны алынады.

NEET жастарын анықтаудың жаңа әдістемесі

2017 жылдан бастап Қазақстанда **NEET жастар санатына бірнеше әлеуметтік топ енгізілді**. Бұлар – білімі және қандай да бір практикалық дағдылары болғанымен, жұмыс істемейтін жастар, мүгедектігі бар адамдар, үй шаруашылығындағы жастар, оның ішінде кіші жастағы сабилері бар жас әйелдер, жалғызбасты аналар және басқалар.

NEET санатына жатқызылатын әр жасты есепке алу және атаулы жұмысты одан әрі үйымдастыру үшін «**NEET-жастар** деректер қоры» акпараттық жүйесін (бұдан әрі –**АЖ**) **әзірлеп**, оны «Жеке тұлғалар», «Мекенжай тіркелімі», «Еңбек нарығы», «Мүгедектігі бар адамдар туралы орталықтандырылған деректер қоры», «Ұлттық білім беру деректер қоры» және т.б. деректер қорларымен интеграциялау үсінілді.

Әңгілік деректер қоры

Осы АЖ іске қосылғанға дейін облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жастар ресурстық орталықтарында әр қала мен аудан бойынша **NEET санатындағы жастардың өнірлік электрондық деректер қорын** әзірлеу қажет. Деректер қорына келесі әлеуметтік топтардың өкілдерін қосуға болады:

1) жұмыссыз жастар (J кодтары):

■ **J[tul]** – соңғы бір жыл ішінде оқуды аяқтаған колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері. Олар туралы деректерді білім басқармалары мен өнірлік жоғары оқу орындары ұсынуы мүмкін (тоқсан сайын толық тоқсанның нәтижелері бойынша);

■ **J[bil]** – мектепті, колledgeді немесе университетті тастан кеткен жастар. Олар туралы деректерді білім басқармалары мен өнірлік жоғары оқу орындары бере алады (тоқсан сайын толық тоқсанның нәтижелері бойынша);

■ **J[pr]** – бас бостандығынан айыру орындарынан босап шықкан жастар. Олар туралы деректерді НМ ҚАЖК аумақтық департаменттері ұсынуы мүмкін (тоқсан сайын толық тоқсанның нәтижелері бойынша);

■ **J[jum]** – жұмыспен қамту орталықтарында жұмыссыз ретінде тіркелген жастар. Олар туралы деректерді жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары ұсынуы мүмкін (тоқсан сайын толық тоқсанның нәтижелері бойынша);

■ **J[ask]** – мерзімді әскери қызмет өткеруді аяқтаған және жұмыссыз болып табылатын жастар. Олар туралы деректерді Корғаныс министрлігінің қорғаныс істері жөніндегі аумақтық департаменттері ұсынуы мүмкін (тоқсан сайын толық тоқсанның нәтижелері бойынша);

2) жұмыс істеу мүмкіндігінен айырылмаған мүгедек адамдар (**Müg кодтары**). Олар туралы деректерді жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары бере алады (тоқсан сайын толық тоқсанның нәтижелері бойынша);

3) белсенді емес жастар(**Be кодтары**):

■ **Be[nar]** – алкоголь мен есірткіге тәуелді, созылмалы ауруларға шалдықкан және тиісті оңалту емінен өтіп жатқан жастар. Олар туралы деректерді денсаулық сақтау басқармалары ұсынуы мүмкін (тоқсан сайын толық тоқсанның нәтижелері бойынша);

■ **Be[unt]** – жұмыс немесе оқу іздел җүргемеген жастар. Олар туралы деректер қалалық және аудандық жастар ресурстық орталықтары бастамасымен және субъектінің келісімімен үйлерді аралау барысында жиналуы мүмкін (жылына 1 рет);

4) үй жұмыстарымен айналысатын жастар (**Üş кодтары**):

■ **Üş[köm]** – туыс-жақындарына үй шаруашылығында қолғабыс беретін жастар. Олар туралы деректер қалалық және аудандық жастар ресурстық орталықтары бастамасымен және субъектінің келісімімен үйлерді аралау барысында жиналуы мүмкін (жылына 1 рет);

■ **Üş[kel]** – үй шаруасындағы әйелдер, оның ішінде келіндер, көп балалы аналар және жалғызбасты аналар. Олар туралы деректер қалалық және аудандық жастар ресурстық орталықтары бастамасымен және субъектінің келісімімен үйлерді аралау барысында жиналуы мүмкін (жылына 1 рет).

NEET жастарын есептеудің бейресми формуласы жастар ресурстық орталықтары жинаған мәліметтер негізінде есептеледі және келесідей болуы мүмкін.

$$NEET = \frac{J + Müg + Be + Üş}{15-28 \text{ жас аралығындағы жастар}} * 100$$

J – 15-28 жас аралығындағы жұмыссыз жастар (соңғы бір жыл ішінде окуды аяқтаған колледждер мен ЖОО түлектері; мектепті, колledgeді немесе университетті тастан кеткен жастар; бас бостандығынан айыру орындарынан босап шықкан жастар; халықты жұмыспен қамту орталықтарында жұмыссыз ретінде тіркелген жастар; мерзімді әскери қызмет өткеруді аяқтаған және жұмыссыз болып табылатын жастар; мүгедектігі бар адамдар);

Müg – жұмыс істеу мүмкіндігінен айырылмаған 15-28 жас аралығындағы мүгедек адамдар;

Ве – белсенді емес жастар (алкогольге және есірткіге тәуелді, жұмыс іздемейтін немесе оқымаитын жастар);

Үş – үй жұмыстарымен айналысатын жастар (үй шаруашылығында туыстарына көмектесетін жастар; үй шаруасындағы әйелдер);

15-28 жас аралығындағы жастар – 15-28 жас аралығындағы жұмыс күшінің және жұмыс күшіне тартылмаған адамдардың жалпы саны.

Деректерді жинау және өндөу

Жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлері үйлерді аралау барысында жинайтын деректерден басқа, электрондық қордың деректері мен NEET санатындағы жастарды есептеу нәтижелері тұрақты негізде жаңартылуы тиіс.

Бұл ретте электрондық қор деректері мен есептеу нәтижелері ҰСБ ресми статистикалық ақпаратымен сәйкес келмейі мүмкін екенін ескеру қажет.

NEET санатындағы жастар туралы ақпарат жинау мен өндөу, жеке деректердің құпиялылығы және олармен одан әрі нысанды жұмыс үйымдастыруды **облыстардың, Нұр-Султан, Алматы және Шымкент қалаларының жастар ресурстық орталықтарының NEET жастармен жұмыс жөніндегі бөлім қызметкерлерінен басқа ешкім электрондық деректер қорына кіре алмайды.**

Өнірлік электрондық деректер қорын қалыптастыру үшін «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сүйену қажет.

III.

**NEET
САНАТЫНДАҒЫ
ЖАСТАРМЕН
ЖҰМЫСТЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТӘЖІРИБЕСІ**



III. NEET санатындағы жастармен жұмыстың халықаралық тәжірибесі

NEET санаты – жастардың мемлекет тарапынан кешенді қолдауды талап ететін ең осал әлеуметтік топтаратының бірі. NEET феномені тұрақты индикатор болып табылады. Соңғы жиырма жыл ішінде бүкіл әлем бойынша NEET санатындағы жастар саны 267 миллионға жуықтады, олардың үштен екісі немесе 181 миллионы – жас әйелдер. 2000-2019 жылдар аралығында NEET жалпы көрсеткіші тек 2%-та төмөндеді. 2010 жылы әлемдегі NEET жастарының саны 8,2%-ды құрады, 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш 11%-та дейін үлгайды (2019 жылы 10,5% болған).


2020 жылдың басында Халықаралық еңбек үйімі (XEY) NEET санатындағы жастар саны 2021 жылы 273 миллионға жетеді деген болжам жасады. Алайда жорамал жасау кезінде коронавирустық дағдарыс факторы ескерілмеген болатын. COVID-19 пандемиясына байланысты қабылданған карантиндік шаралардың салдары NEET санатындағы жастар санының есүне айтарлықтай әсер етті.

Жастардың NEET санатына қосылуының негізгі себебі **жаңа әлеуметтік-экономикалық трендтерге бейімделе алмауы** болып табылады. Жаһандану үдерісіне және еңбек нарығындағы тұрақты технологиялық өзгерістерге байланысты жастардың жұмыспен қамту үдерісі айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, әртаратандырылууда. Экономикалық арттақалу, теңсіздік, осал саяси контекст және қақтығыстар сияқты басқа құрылымдық факторлар да жастардың тұрақты даму мен өркендеуге деген күш-жігеріне нұксан келтіреді. Өскелен үрпақ еңбек нарығында өз орнын табуға тырысады, бірақ жұмыссыздық, жұмыспен қамтылмау және NEET олардың экономикалық және әлеуметтік оқшаулану қаупін қүштейтеді.

NEET санатындағы жастар үлесінің жоғары көрсеткіші қофам үшін қысқа мерзімді, сондай-ақ үзақ мерзімді бірқатар жағымсыз салдарға әкелу мүмкін. Үнемі жұмыс ізден жүретін немесе қасіби білімге қол жеткізе алмаған жас адамдар елеулі психологиялық қысымға ұшырайды, бұл сыйып келгенде маргиналдануға, кедейлікке және басқа да жағымсыз тенденцияларға себеп болуы мүмкін.

ХЕҰ болжамдары бойынша, алдағы бес жылда еңбек қарым-қатынастары саласындағы жастар санының артуы Африка (Сахараның оңтүстігінде) және Оңтүстік Азия сияқты бірнеше аймақта еңбек нарығының жаңа қатысуышылары үшін жеткілікті қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауда үлкен қындықтар туындауды мүмкін. Алдағы 15 жылда жастардың жұмысқа орналасу қажеттілігін толық қамтамасыз ету үшін кем дегенде 600 млн жұмыс орнын құру қажет болады.

1-диаграмма. Әлем өнірлеріндегі NEET санатындағы жастардың үлесі



NEET санатындағы жастар үлесінің коэффициенті мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін айқындастыны сөзсіз. ХЕҰ мәліметтері бойынша, 2019 жылы NEET санатындағы жастар саны аз елдердің рейтингі келесідей болған:

1. Жапония (3,1%),
2. Сингапур (4,1%),
3. Нидерланд (4,3%),
4. Исландия (4,7%),
5. Норвегия (4,8%),
6. Швеция (5,5%),
7. Люксембург (5,6%),
8. Гонконг (5,6%),
9. Германия (5,7%),
10. Чехия (5,7%),

Осы рейтингтің бірінші ондығына кіретін барлық елдерде (Нидерландтан басқа, өйткені бұл елде NEET үлесі 2013 жылдан бастап соңғы 5 жылда 1,48%-ға төмендеген) соңғы 10 жылда NEET санатындағы жастар үлесі көрсеткішінің төмендеуі байқалады.

NEET санатындағы жастармен жұмыс істеудің халықаралық тәжірибесін талдаған кезде аталған рейтингтегі көшбасшы елдердің тәжірибесінде **екі негізгі бағыт бойынша үқсастықтар бар екені анықталды:**

Жастардың мектепке дейінгі біліміне салынатын инвестициялар. Мектепке дейінгі білім беру саласына инвестиациялар салудың тиімділігі ерте жастағы білім және тәрбие беру саласында жүргізілген көптеген ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен расталады. Осы саладағы танымал ғылыми жұмыс Нобель сыйлығының экономика саласындағы лауреаты Джеймс Хекманнның зерттеуі болып табылады. Әлемдегі ең беделді экономистердің бірі Хекман кіші жастағы балаларда soft skills дамуына негіз қаланатының айтады. Тиімді әлеуметтік дағдылардың ерте қалыптасты IQ деңгейінің жақсы дамуына, жеке және әлеуметтік өнімділікке айтарлықтай әсер етеді. Хекман мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларына салынған инвестициялардан түсетін пайда жалпы білімге салынған инвестициялармен салыстырғанда 8 есе (1:8) асып түсетінін (1:3) баяндайтын теорияның авторы болып табылады. Оның ойынша, мектепке дейінгі оқу мен тәрбиеге салынған 1 доллар мемлекетке 15-20 жыл ішінде 8 доллар пайда әкеледі.


NEET жастар үлесін азайтудың жеке тәсілдемеге басымдық беретін атаулы бағдарламалары. Бұл бұрыннан бар мәселенің шешімі және NEET санатының үлесін төмен деңгейде ұстап тұрудың жолы болып табылады. Бұл тұрғыдан Жапония мен Норвегияның тәжірибесін алға тартуға болады, өйткені жастардың осы санатта болу себептерін анықтаудың ғылыми-әдістемелік тәсілдемесі қолданылды, сондай-ақ жеке тәсілдемемен атаулы бағдарламалар әзірленді.

NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіру мәселелерін шешуде практикалық және әдістемелік көмек алу үшін кейбір атаулар үлттыхы бағдарламаларды зерттеуге назар аудару керек. Осы тұрғыдан NEET санатындағы жастар саны аз көшбасшы елдердің жағымды тәжірибесіне талдау жасауынылады.

Жапония

Жапонияда жастардың осы санаты үнемі төмендей келеді. Жапония үкіметі Министрлер кабинетінің хатшылығы жанындағы Балалар мен жастарды дамыту және қолдау шараларын зерделеу және бағалау кеңесі арнайы жобалар әзірледі.

2-диаграмма. NEET санатындағы жастардың үлесі



Айта кететін жайт, жапондық жұмыс моделі тек жастармен ғана емес, 30 жастан 40 жасқа дейінгі азаматтармен де жұмыс істеуге бағытталған. Үкімет жастарды еңбекке орналастыру мәселелерін нақты түрде пысықтайдын бірқатар тиімді жобаларды өзірледі. Атап айтқанда, елде жастар арасында NEET үлесін төмендешу үшін Job Education project, Youth Camp, Regional Youth Support Stations, local Support Network System for Children and Young People сияқты бірнеше негізгі жобалар іске асырылуда, сондай-ақ жастардың осы санатына арналған консультациялық және әлеуметтік қолдау бағдарламалары да бар.

Job Education – бұл мектепті аяқтайдын кезенге қарай оқушыларда «Жұмыс деген не?» деген сұраққа жауап пен еңбек идеясына қатысты оң көзқарас қалыптастыру үшін оқытылатын пән. Бағдарлама тұрақты жұмыстың қаншалықты маңызды екенін дәріптейді, оқушылар арасында тұрақты жұмыс орнына үмтүлу қажеттілігі туралы үгіт-насихат жүргізіледі, ал NEET немесе «Фурита» санатына кірудің адамның өмірінде қандай қолайсыздықтар тудыратынын түсіндіреді.

Youth Camp – бұл NEET санатына кіретін жастарды біріктіру үшін әзірленген лагерь бағдарламасы. Бұл лагерь жастар арасында пікір және тәжірибе алмасу алаңына айналды, оның барысында олар өзін-өзі тануға және өмір салтын өзгертуге мотивация ала алады. Лагерь жыл сайын өтеді және оған қатысу үшін NEET санатына қосылған жастар шақырылады. Бұл бағдарлама мамандарға мотивация және/немесе NEET санатына кіру себептері мәселелерін жеке тәртіппен пысықтауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаның тиімділігі осы лагерьден шыққан жастардың жұмысқа орналасуымен расталады.

Regional Youth Support Stations (бұдан әрі – RYSS) – бұл жобаны NEET санатындағы жастарды қолдау мақсатында Денсаулық сактау, Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру министрліктері жүзеге асырады және Адам ресурстарын дамыту және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесудің төтөнше қоры қаржыландырады. Бұл елде орта білім туралы дипломы жоқ азаматтарға қолдау көрсететін 160-тан астам RYSS орталықтары жұмыс істейді. RYSS орталығы мемлекеттік мектептермен келісімдер жасайды және азаматтарды окуға шақырады. Бұл жоба азаматтар арасында ерекше танымалдыққа ие, өйткені оқытуды мемлекет толықтай өзі қаржыландырады және қатысушының мойнына ешқандай қаржылық шығындар артылмайды.


Local Support Network System for Children and Young People – бұл белгілі бір бағыттағы бағдарлама болып табылады және оның идеясы мамандардың жұмыспен қамтылмаған азаматтардың үйлеріне барып, олармен бетпе-бет жүздесуіне негізделеді. Дағдыларды дамыту және өзін-өзі таныту бағыттарын тандауға көмек беру үшін азаматтарға арналған оқулар жүргізіледі. Сонымен қатар орталық мамандары жастарға әлеуметтенудағыларын және басқа да қасиеттерді дамытуға көмектеседі, балалар мен жастарға тұрақты негізде практикалық сабактарға қатысу мүмкіндігі беріледі. Қолдау шараларын қарастыру және ұсыну кезінде жұмыссыз әйелдер сияқты NEET әлеуметтік санатының көбінесе «үй шаруашылығындағы көмекші» ретінде назарға алынбай, тасада қалатындығы, сондай-ақ жұмыс берушілер маман-әйелдерді өз үйимдарына жұмысқа құлықсыз қабылдайтындығы ескеріледі. Осы факторларды ескере отырып, мамандар үй шаруашылығымен айналысадын әйелдер үшін жеке әдіснаманы әзірлейді.

Сонымен қатар NEET жастар санаты үшін оқытуға, негізгі дағдыларды дамытуға, сондай-ақ жұмысқа орналасудың алғашқы кезеңдерінде қолдау көрсетуге қаржылық көмек ретінде **әлеуметтік жоба** әзірленген. Бұл әлеуметтік қолдаудың тиімділігін көрсетер болсақ, азамат оны тек окуды аяқтап, базалық дағдыларды игеріп, одан әрі жұмысқа орналасқан жағдайда ала алады. Қаржылық көмек өзінің бұрынғы өмір салтынан ажырағысы келмейтін және NEET жастар санатынан шығуды ойламайтын жастарға берілмейді.

Сингапур

Сингапур NEET үлесінің төмен көрсеткіші бойынша рейтингтегі екінші ел болып табылады. Бұл жерде **Сингапурда мемлекеттік жастар саясатының бірыңғай стратегиясы жоқ** екенін және жастарға арналған түрлі бағдарламалар жауапты министрліктердің жаңынан іске асырылып жатқанын атап өтү қажет.

3-диаграмма. NEET санатындағы жастардың үлесі



Сингапурда **NEET үлесін азайту жөніндегі арнағы мақсаттағы жобалар жоқ**, тиісті жастағы барлық азаматтар үшін міндетті болып табылатын мектепке дейінгі және мектептегі білім сапасына ерекше назар аударылады.

Көптеген зерттеулер баланың мектепке дейінгі білім беру орталықтарына баруы болашақта өмір сапасына елеулі әсер ететінін растьайды. **Сарапышылар елдегі NEET деңгейінің төмен болуын мектепке дейінгі білім беру орталықтарына міндетті түрде барумен және орта білім туралы диплом алушмен байланыстырады**. Бұл екі кезең университетке түсу және мамандандық алу үшін қажетті берік іргетастың негізін қалайды.


Елдегі NEET санатындағы жастардың ерекшелігін айта кететін болсақ, осы санаттағы өкілдердің көшпілігі – өмірдің өтпелі кезеңіндегі жастар. Жастар бұл санатқа қысқа мерзімді өтпелі кезеңде ғана кіретіндіктен, елде жастардың осы санатын қолдау үшін ешқандай бөлек бағдарламалар іске асырылмайды.

Сингапурда соңғы онжылдықта еңбек нарығында тағылымдамадан өтуді бастаған немесе оқи жүріп жұмыс істейтін жастар көбейген. Оқу мен жұмысты ұштастыратын жастар санының өсуі ұзақ мерзімді перспективада еңбек нарығынан оң көрініс табары сөзсіз, өйткені бұл жастарға мектептен еңбек саласына ауысадың өтпелі кезеңінен сәтті өтүге көмектесетін дағдылар мен тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

Нидерланд

Нидерланд үкіметі 2015 жылы жастар саясатының бүкіл секторын реформалап, муниципалитеттерге жастар саясатын жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді жүктеді. Балалар мен жастар туралы заңда 393 балалар муниципалитеті елдеңі жастар мен отбасы саясатын жүзеге асыруға дең қоятындығы қарастырылған. Жастар саясатын әзірлеу үшін барлық қажетті ғылыми-әдіснамалық базаны Нидерланд жастар институты ұсынады.

4-диаграмма. NEET санатындағы жастардың үлесі




